

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**  
**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС** мәжілісінің 2025 жылғы 28 қаңтардағы ҚАУЛЫСЫ

**1. 2024/2025 оқу жылының қысқы емтихан сессия нәтижелерін талдау және ұсыныстар.**

Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбекованың "2024/2025 оқу жылының қысқы емтихан сессия нәтижелерін талдау және ұсыныстар" туралы баяндамасын тыңдап және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

**1. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н. Жанбековке:**

Дәстүрлі оқытудан кредиттік оқыту технологиялары мен жобалық оқытуға көшу бойынша Жол картасын әзірлеу (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 15 наурызна дейін);

Академиялық адалдық лигасына кіру мәселесін пысықтау (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жартылығында)

Жүйелі негізде студенттердің оқу процесіне қатысуын бақылауды жүзеге асыру және тиімді шаралар қабылдау (Орындау мерзімі: жүйелі түрде жыл бойы)

Білім беру үдерісімен айналысатын құрылымдық бөлімшелердің функционалдық міндеттерін тиімді және сапалы орындауын қамтамасыз ету (Орындау мерзімі: жүйелі түрде жыл бойы)

Эдвайзерлік және диспетчерлік қызметті үйлестіру жұмысын жандандыру (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жарты жылдығында)

**2. Білім бағдарламалары мен сараптама департаменті директорына, Институционалдық тиімділік Кеңесінің жетекшісіне:**

- Өңірлік және салалық ерекшелікке байланысты білім беру бағдарламаларының еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкестігіне ревизия жүргізу мәселесін пысықтау. (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жартылығында)

- Еңбек нарығының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру. "Мамандығым-болашағым" жобалық кеңсесімен бірлесіп, кәсіптер атластарын әзірлеуге қатысу (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жартылығында)

- Жұмыс берушілермен өзара іс-қимылда, олардың талаптары мен сұрау салулары бойынша қажеттіліктерді анықтау (Орындау мерзімі: жүйелі түрде жыл бойы)

- Жобалық және демонстрациялық, топтық жұмыстың студенттердің практикасының және зерттеу ізденістерінің нәтижелерін бағалаудың негіздемелік моделін әзірлеу, (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жартылығында)

- Жоғары оқу орындары мен білім беру бағдарламаларының отандық рейтингісінде позицияларды жақсарту жөнінде шаралар қабылдау, (Орындау мерзімі: жүйелі түрде жыл бойы)

- Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету стандарттары (ESG) мен нұсқаулықтарын ескере отырып, оқыту нәтижелерін бағалау жүйесінің негіздемелік өлшем шарттарын әзірлеу, (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жартылығында)

- Оқу процесіне ECTS қағидаттарын енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсынымдарды ескере отырып, оқыту нәтижелерінің депозитарийін әзірлеу (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жартылығында)

**3. Факультет декандары, институт директоры мен кафедра меңгерушілеріне:**

- Кафедра филиалдарын құру, оқытудың жобалық әдістерін енгізу арқылы кадрларды даярлаудың тәжірибеге бағдарлануын күшейту (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жартылығында)

- Әрбір білім беру бағдарламасы түлегінің моделі негізінде мансаптық картаны әзірлеу және түлектердің цифрлық бейіндерін әзірлеу (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жартылығында)

- Оқытудың жобалық әдістерін енгізу арқылы кадрларды даярлаудың тәжірибеге бағдарлануын күшейту (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жартылығында) - Оқуда алға жылжу барысында студенттерге кері байланыс алуға мүмкіндік беретін цифрлық технологиялар мен бағалау әдістерін енгізу, (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жартылығында)

- Білім алушыларды оқу процесінде немесе іс-әрекетіне байланысты проблемалық мәселелер туындаған олардың ата-аналарымен өзара әрекеттесу бойынша жұмыстың нақты алгоритмін әзірлеу (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жартылығында) - Білім беру процесінде жасанды интеллект құралдарын қолдану кеңірек оқытушылардың дәрістерге өзара қатысу сапасын қамтамасыз ету үшін тиімді шаралар қабылдау (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жартылығында)

- Педагогикалық модульдерді оқыту үдерісіне мектептерден практиктерді тарту (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жартылығында)

- Бейіндік және оқыту әдістемесі пәндерінің силлабустарының мазмұнын орта білім бағдарламаларына бейімдеу, (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жартылығында)

- Педагогикалық бағыттағы түлектер білімін бағалау үрдісіне дайындықты мектеп мұғалімдерімен бірлесіп жүргізу (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жартылығында)

- Оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру бойынша Жол картасын әзірлеу. (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жартылығында)

2. Университеттің 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасының жүзеге асырылуы: 2024 жылдың қорытындысы және 2025 жылға арналған басымдықтар. Стратегия және интернационалдандыру жөніндегі проректоры А.Т.Искакованың "Абай атындағы ҚазҰПУ даму бағдарламасының 2024 жылғы жүзеге асу нәтижелері және 2025 жылға даму перспективалары" баяндамасын тыңдап және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Стратегия және интернационалдандыру жөніндегі проректор А.Т. Искакованың «Университеттің 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасының жүзеге асырылуы: 2024 жылдың қорытындысы және 2025 жылға арналған басымдықтар» жөніндегі баяндамасы **назарға алынсын.**

1. **Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н. Жанбековке, Кадр саясаты басқармасының басшысы Б.Ж.Омаровқа, факультет декандарына:** сапалы білім беруді және тиімді оқу үдерісін қамтамасыз ету, студенттер мен педагогикалық ұжымның оңтайлы арақатынасына қол жеткізу үшін оқу процесін кадрлармен қамтамасыз ету қажеттілігін анықтау (Орындау мерзімі: 2025-2026 оқу жылына дейін);

ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларының үлесін арттыру үшін кафедра меңгерушілерімен жұмысты жалғастыру (Орындау мерзімі – бір жыл ішінде);

ПОҚ ғылыми әлеуетін көтеру қажеттілігін ескере отырып, профессорлық-оқытушылық құрамды жұмысқа қабылдау (Орындау мерзімі – бір жыл ішінде).

2. **Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Е. Сұлтанға, Ғылым департаментінің директоры Ұ.М.Әбдіғанбаровқа, факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне:**

Scopus Q1-Q2 дәйексөз индикаторлары бойынша индекстелген журналдардағы жарияланымдар үлесін арттыру үшін әр факультетке көрсеткіштер белгілеу (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 20 ақпанына дейін);

Университеттің ғылыми инфрақұрылымын дамыту үшін шетелдік және отандық инвестицияларды тарту бойынша ұсыныстар енгізу (Орындау мерзімі: бір жыл ішінде);

Үздік ғылыми қызметкер», «ЖОО үздік оқытушысы» байқауларына дайындық бойынша жүйелі, сапалы жұмыс жүргізу (Орындау мерзімі: бір жыл ішінде);

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қатысуымен халықаралық ғылыми жобаларды және оған қатысушы профессорлық-оқытушылық құрамның санын арттыру (Орындау мерзімі: бір жыл ішінде).

3. **Әлеуметтік даму жөніндегі проректор М.Д. Жақауовқа, Қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор К.А.Аменоваға, Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры Т.К. Бекқожановқа, факультет декандарына:**

студенттерді халықаралық студенттік ұйымдарға тарту бойынша жұмысты жандандыру (AISEC, IUS және т.б.) (Орындау мерзімі: бір жыл ішінде).

университет студенттерінің жетістіктерін бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде кеңінен насихаттау (Орындау мерзімі: бір жыл ішінде).

контингенттің өсуін ескере отырып, жатақханаларда, оның ішінде жалға алынған жатақханаларда төсек-орындарды ұлғайту мүмкіндіктерін зерделеу (Орындау мерзімі: бір жыл ішінде).

2025-2026 жылға арналған бюджетте инфрақұрылымды, білім беру және ғылыми жабдықтарды жаңартуға қажетті қаржы ресурстарын қарастыру (Орындау мерзімі: бір жыл ішінде).

қаржылық тұрақтылықты арттыру, инфрақұрылымды дамыту, ғылыми зерттеулерді кеңейту және оқу үдерісінің сапасын арттыру мақсатында инвестицияларды тарту бойынша жұмысты күшейту, оның ішінде эндаумент қоры шеңберінде (Орындау мерзімі: бір жыл ішінде).

4. **Халықаралық қатнастар департаменті:**

- шетелдік жоғары оқу орындары филиалы қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ету.

- Horizon Europe, NSF және басқалары сияқты халықаралық бағдарламаларға қатысуды күшейту;

шетелдік университеттермен және зерттеу орталықтарымен бірлескен жобалар санын көбейту;

Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. **Абай атындағы ҚазҰПУ қаржыландыратын 2024 жылғы ішкі ынталандыру гранттарының нәтижелері (ректор гранты).**

Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Е.Сұлтаннның "Абай атындағы ҚазҰПУ қаржыландыратын 2024 жылғы ішкі ынталандыру гранттарының нәтижелері (ректор гранты)" туралы баяндамасын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

2024/2025 оқу жылында Абай атындағы ҚазҰПУ қаржыландырған ішкі ынталандыру гранттарының нәтижелері бойынша есебі қабылдансын.

4. **Университеттің кәсіби бағдар беру жұмысы аясында орта білім беру ұйымдарымен серіктестікті күшейту.**

Кәсіби бағдар және мансапты дамыту департаменті директорының м.а. А.А.Найманбаевтың "Университеттің кәсіби бағдар беру жұмысы аясында орта білім беру ұйымдарымен серіктестікті күшейту" туралы баяндамасын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

**Кәсіби бағдар және мансапты дамыту департаменті директорының м.а. А.А. Найманбаевқа:**

- Мамандарды даярлауды болжау және жоспарлау бойынша мақсатты жұмыс жүргізу. (Орындау мерзімі: үнемі 2025-2026 оқу жылы)

- Университеттің кәсіби бағдар беру жұмысы аясында орта білім беру ұйымдарымен серіктестікті күшейту (Орындау мерзімі: үнемі 2025-2026 оқу жылы)

-ЖОО жұмысының нәтижесі жұмысқа орналасу көрсеткішін ерекше бақылауға алып, түлектерін жұмысқа орналастыру үшін ЖАО-мен, өңірдің кәсіпорындарымен және білім саласындағы ұйымдарымен өзара іс-қимыл орнату. (Орындау мерзімі: үнемі 2025-2026 оқу жылы)  
- Білім беру саласындағы жаңа трендтерді ескере отырып, үздіксіз педагогикалық практика моделін әзірлеу (Орындау мерзімі: 2025 жылдың 1-ші жарты жылдығында)

**2. Факультет декандары, институт директоры мен кафедра меңгерушілеріне:**

- Университет бойынша 2025-2026 оқу жылына қабылданатын барлық деңгейдегі БББ (білім беру бағдарламалары) санын нақтылау (мерзімі: 03.02.2025);
- Жаңадан ашылатын білім беру бағдарламаларының лицензияларын алууды сәуір айының 03.04.2025 күніне дейін рәсімдеу;
- 2025-2026 оқу жылына кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізетін үгіт-насихат тобын бекітіп, республика бойынша баруға тиіс аймақтардың арнайы жол картасын дайындау;
- Ғылым мен технологияның басым бағыттарында жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлауды қамтамасыз ету
- 2025-2026 оқу жылына Астанадағы Білім институты бойынша білім беру бағдарламаларын анықтап, солтүстік өңірге арнайы кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізу;
- 2025-2026 оқу жылына Лотарингия филиалы бойынша білім беру бағдарламаларын анықтап, арнайы үгіт-насихат жұмысын ұйымдастыру;
- Шетелдік білімалушыларды қабылдау бойынша жұмыстарды жандандыру және сәуір-мамыр айы аралығында шақырту жіберуді ұйымдастыру.

**5. Білімалушылар үшін әлемдік цифрлық кітапханалармен әріптестікті күшейту байланысы.**

Ғылыми кітапхана директоры Н.Ж. Имансыдықованың "Білімалушылар үшін әлемдік цифрлық кітапханалармен әріптестікті күшейту байланысы" туралы баяндамасын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне білім алушылардың әлемдік цифрлық кітапханаларды пайдалануды арттыру мақсатында, пән мұғалімдерін білім алушыларға кітапхананың цифрлық ресурстарын пайдалану бойынша жұмыстарды күшейту.
2. Ғылыми кітапхана директорына "Қолжетімді интернет" Ұлттық пилоттық жобасына сәйкес әлемдік цифрлық кітапханаларға: Cambridge University Press, Oxford University Press, Urait, Znanium базаларына жазылуды қамтамасыз ету.
3. Халықаралық байланыс жұмыстары жөніндегі департамент директорына ғылыми кітапхана директорымен бірлесе отырып Абай атындағы ҚазҰПУ нің шетелдік серіктес университеттердің цифрлық кітапханаларына қолжетімділікті қамтамасыз етуді қарастыру.

6. Әртүрлі.

7. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау және оның орындалуына қажет жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Б.А.Тілеп

М. А. Абсатова